



Сенат сайлауында заң бұзушылық тіркелген жоқ

14 қаңтарда өткен Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлауда заң бұзушылықтар тіркелген жоқ. Бұл туралы ҚР Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Асылбек Смағұлов айтты, деп хабарлайды Egeмен.kz.

«Дауыс беру күні аумақтық сайлау комиссиялары мен сайлаушылардан «Сайлау туралы» Конституциялық заң талаптарын бұзу фактілері туралы арыздар түскен жоқ», деді Асылбек Смағұлов Орталық сайлау комиссиясының отырысында.

Өз кезегінде ОСК төрағасы Нұрлан Әбдіров бұл сайлау әділ өткенін атап өтті.

«Демек, бұл дауыс берудің, сондай-ақ басқа да сайлау рәсімдерінің сайлау заңнамасының нормаларына сәйкес өткендігінің көрінісі», деп атап өтті Орталық сайлау комиссиясының басшысы.

Отырыс соңында Орталық сайлау комиссиясы 2023 жылғы 14 қаңтарда өткен Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттарын сайлаудың қорытындыларын айқындау және жариялау туралы қаулылар қабылдады.



Мемлекет басшысы «Абу Даби тұрақты даму апталығы» саммитіне қатысты

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Біріккен Араб Әмірліктеріне ресми сапары аясында «Абу Даби тұрақты даму апталығы» саммитінің ашылу рәсіміне қатысты, деп хабарлайды Egeмен.kz Ақордаға сілтеме жасап.

серіктестік қатынастар мен инновациялық шешімдерде келісімге қол жеткізу үшін конструктивті диалогқа жол ашатын орнықты даму саласының күн тәртібін қалыптастыру және Климаттың өзгеру мәселелері жөніндегі БҰҰ 28-конференциясына (COP28) тың серпін беру. Сонымен қатар жиынға

денті Юн Сок Ёль, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Ангола Президенті Жуан Лоренсу, Мысыр Сыртқы істер министрі, Климаттың өзгеруі жөніндегі БҰҰ «COP27» конференциясы сессиясының 27-президенті Самих Шукри, сондай-ақ саясаткерлер, жаңартылатын энергия, технологиялық даму және



Гарвард студенттері Қазақстанда тағылымдамадан өтеді

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек АҚШ-қа жұмыс сапарының соңғы күнін Harvard University өкілдерінің кездесуімен аяқтады. Іс-шара барысында Гарвард студенттерінің Қазақстанда тағылымдамадан өтуі туралы уағдаластыққа қол жеткізілді, деп хабарлайды Egeмен.kz

Тарқатып айтсақ, іссапардың соңғы күнінде министр Harvard Innovation Lab, The New England Commission of Higher Education, Davis Center for Russia and Eurasia studies Harvard Kennedy School басшылығымен, Дуглас Диллон атындағы мемлекеттік басқару профессоры Грэм Аллисон және Гарвард Кеннеди мектебінің халықаралық қаржы және даму жөніндегі Sumitomo - FASID профессоры, Ха-

лықаралық даму орталығының директоры Азим Кхваджамен кездесу өткізді. Азим Кхваджа қонақжайлық танытып министрді өзі басқаратын орталықтың қызметімен таныстырды. Ол өзінің қызығушылығын атап өтіп, ынтымақтастықты Қазақстандағы Гарвард студенттерінің тағылымдамасынан бастауды ұсынды. Министр Саясат Нұрбек бұл бастаманы қолдады.

Айта кетейік, тараптар жоғары оқу орындарының білім алушылары мен ғалымдарымен алмасу мүмкіндігін қарастыратын жобаларды талқылады.

Бұл ынтымақтастықты әрі қарай дамыту үшін Саясат Нұрбек профессор Азим Кхваджаны елімізге шақырды. Өз кезегінде Азим Кхваджа бұл шақыртуды қуана қабыл алды.

«Егемен Қазақстан» газетінен.



Саммиттің мақсаты – жаһандық қоғамдастықты біріктіретін және түрлі мәселелерде, жаңашыл

Біріккен Араб Әмірліктерінің Президенті шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахьян, Оңтүстік Корея Президи-

инновация салаларының жетекшілері, инвесторлар мен кәсіпкерлер қатысты.



Өнерлілер мен өркендер өркендеген күн

С.Қожанов атындағы Созақ аудандық музейінде «Өнерлім; өрле, өркенде» атты өлке шығармашыл қауымымен кездесу өтті. Биылғы жылдың басты жаңалығы аудан орталығындағы осы Сұлтанбек музейіндегі аудандағы шығармашылық өкілдерінің басын қосқан жиын десек артық айтқандық болмас. Байсалды Байекеңнің ақ батасынан кейін нағыз өнердің жанашыры Нияз ағамыз зиялылардың ақ ордасы атанған Қожановтың қонақжай құттыхана-сында бас қосудың себебі мен салдарын айтып қош ниетте қарсы алды. Сәуленің Мұхида Шарбаны, Табиғаттың Шекері, Кенжебайдың Алтын кесесі жүректегі қанды ойнатып, құлақ майын ұйытты. Әли ағайдың сана түкпірінен қотарыла ақтарыла айтқан ой жарды әңгімесі, Ерғали күйшінің Файзолла, Төлеген, Генерал кейпіндегі домбыра құлағында ойнауы, әр күйшіше қағыс, шертіс, ілмелеу, сер-

пе басу көзді өзіне еріксіз тартады. Мархабаттың орындауындағы «Жастық» әні, ақын Гүлнардың жұмбақ кейіпкері жиылған жұртты 25-тің ауылына апарып әкеліп, әрі сәрі күй кешіргені әсерлі болды.

Кешегі Мағжандарға жанашыр бауыр болған Сұлтанбек бабамыздың рухы күні бойы бізбен бірге жүргендей болды. Қазақ халқының дәстүрлі әншілік өнеріне аяқ басқан Нұрасыл баламыздың тұсауын Сұлтанбек Қожанов атамыз өзі кескендей, өз шаңырағынан ән өлкесіне шығарып салғандай сезімді тербеді. Аққербез сурет өнерінің майталманы, алтын саусақты Ақмаралдың ұстаздық туралы айтқан әңгімесі қандай! Аудандағы Суретшілер одағының жалғыз тұяқ мүшесі, қылқалам шебері. Тума талант Тұмар ақын, салқын қанды Сәрсенбек ақындар бірі Аққолтықты аралап, бірі Қызылкөпді жағалап қайтты. Скрипка, саксафон деген

аспаптар біз үшін бұрын таңсық болса, оны да өнерлі Созақ өрендері өз бауырларына тартып Теріскейдің ұлы қасиетін ұлықтап жатыр. Әрбір өнер иесі бір-бір тұлға. Күнделікті күйбең тірліктен ада, қандай пікірлер айтылды. Міндетсіну емес, өз өздеріне міндет артуды мақсат тұтқан жандар Созақ өнерінің шын жанашырлары екенін ұғындырды. Академик Рахманқұл көкеміз Түркістан қаласында тұрған жылдары: «Күн сайын ерте тұрып Қаратауға қарап қоямын, Созақтағы елде не тіршілік?—дейді екен. Сол кісі сияқты ерте тұрып музей жаққа бір көз салып қою әдетке айналған. Айтқандай осы күні музей басшысы Дүйсенбек Ниязалі ағамыз 64-тің биігіне ту тігіп жатыр екен. Қонақ үстіне қонақ! Жалпыға ортақ жаңа шаңырақ, қашанда Жақсылықтарға жаршы бола бер!

Мақсат ЖЕҢІСУЛЫ.



Еңбек адамдарының қол еңбегін бағалаған жөн

Бірнеше күннен бері қар түсіп, аяз дендеп тұр. Жасыратыны жоқ күннің көзі қанша нұрын шашса да, қытымыр аяз берілер емес. Сіресіп тұр. Жол тайғақ. Десекте, «Созақ сәулет» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын жұмысшыларының еңбектерін жоққа шығаруға болмас. Қанша суық болса да жұмыстарын жүргізіп жатыр. Жұмыс болған соң сын айтылады, адам болған соң реніш білдіріледі. Дегенмен өзін сол мекеменің жұмысын күнделікті көріп жүрмін. Тұз да, топырақ та, күл де себіліп жатыр. Аяз сіресіп тұр. Қатып қалып та жатыр. Сонда да жұмыстарын тоқтатпай жүргізіп тұр. Бұл жерде айта кеткен жөн болар, техника қарды сүріп өтер. Ал қалған жұмыстар адам қолымен жасалуда. Оңай шаруа емес. Алпаға шүкір, бұл суықтар да өтер, адам аман болсын. Сабыр сақтап, көліктің жылдамдығынын тежеп, асықпай, ентікпей жүрсек дұрыс болар еді. Ұзақ жолға шыққанда да, ауыл арасында да көлікті абайлап жүргізейік. Аман болайық ағайын. Жол амандығын берсін.

Нұржамал МАЙУСОВА.

Хабарландыру!

Созақ аудандық қоғамдық кеңес мүшелеріне және аудан тұрғындарының назарына!

Аудандық қоғамдық кеңесің кезекті мәжілісі 2023 жылдың 25 қаңтар күні сағат 11:00 де Созақ ауданы әкімдігі ғимаратының 2-қабат кіші мәжіліс залында өтеді.

1.«Созақ ауданы әкімінің 2022 жылдың қорытынды есебі» (Хабарламашы - аудан әкімі М.Тұрысбеков)

2.Созақ ауданы әкімінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі №42 «Түркістан облысы Созақ ауданы әкімінің 2021 жылғы 16 шілдедегі № 19 «Созақ ауданының аумағында сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (Хабарламашы- аудан әкімі аппаратының заң бөлімінің басшысы Т.Жұмбабаев)

3.Басқада мәселелер.
Қоғамдық кеңес мүшелерін тіркеу 25-қаңтар күні сағат 10:00 де Созақ ауданы әкімдігі ғимаратының 2-қабат кіші мәжіліс залында жүргізіледі.

М.САПАРОВ,
Созақ аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы.

Аудан басшысының жіті бақылауында

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков бірқатар елді мекендерді аралап, электр бағаналарын қалпына келтіру жұмыстарының басында болды. Ондағы атқарылып жатқан жұмыстарды жіті бақылауда. Кешкі сағат 20:00 де аталған жұмыстарға жауапты мамандарды жинап, алдағы күнге қажетті



жабдықтар мен атқарылар жұмыс барысын пысықтады. Аталған жиында тиісті мамандарға қосымша тапсырмалар жүктеп, әр сала бойынша жұмысты күшейтуді тапсырды.

«Қазіргі таңда ауа температурасы суытып, қатты аязды күндер орын алуда. Сондықтан әлеуметтік нысандардың жылыту жүйелерін де қатаң бақылауда ұстап, күн-түн демей әрбір сәтті қолайлы пайдалануымыз керек. Мен де әр кезде жұмыс басында болып, толықтай бақылауда ұстайтын боламын,—деді аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы. Сондай-ақ, жиында бірқатар жауапты басшылар ұсыныс-пікірлерін айтып, жұмыс барысын үдету үшін арнайы жоспарларымен бөлісті.

Жиыннан соң аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, түнгі 22:30-да арнайы Таукент кентіне барып, ондағы орталықтандырылған жылу қазандығының жұмысымен танысты. Онда сыйық отынмен жанатын бу қазандығы мен қатты отынмен жанатын төрт жылу қазандығын жай-күйін бақылады. Аталған орталықтың тиісті мамандарын жинап, алдағы аязды күндерді ескере отырып, тұрғындарды сапалы жылумен қамту үшін бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Күшейтілген тәртіппен жұмыс істеуде



Қалың қар жауып, күннің кенеттен күрт суытуы тұрғындарға қолайсыздық тудырда. Осыған орай, қазіргі таңда аудан әкімдігі қызметкерлері күшейтілген жұмыс тәртібіне көшіп, уақытпен санаспай жұмыс атқаруда. Бірнеше күннен бері аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков күнде кешке сағат 21:00-де кіші мәжіліс залында шұғыл жиналыс өткізіп, күні бойы атқарылған жұмыстарды саралайды. Бөлім, мекеме басшыларына ертеңгі күнге тапсырма береді. Жиын барысында жауапты бөлім, мекеме басшыларына табиғи алат зардаптарын жою жұмыстарын жедел жүргізуді міндеттейді.


Сенбі, жексенбі күндері аудан басшысы тау бөктеріндегі елді мекендерді аралап, тиісті жұмыстарды қадағалап, тапсырмалар берді. Абай елді мекеніндегі құлаған бағаналар тұрғызылып, жарық қосылды. Елді мекендердегі жағдай әлі де өзінің жеке бақылауында болатынын ескертті.

Қазіргі таңда, аудан бойынша жағдай тұрақты, ауыл ішіндегі жолдар қардан тазартылуда. Бөлім, мекеме басшылары берілген тапсырма бойынша жұмыс істеуде.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Асудың ашуын басу қажет дейді, Әлекең

Өткен жұма, қаңтардың 13-і күні сонау 80 жылдардан бері ауданымыздағы облыстық маңызы бар жолдардың тазалығына, кішігірім жөндеу жұмыстарына жауап беріп келген «Ақжол» ЖШС-нің басшысы Сәлтеков Әліпбек ағамыз телефон шалыпты! Амандық-саулықтан соң Әліпбек аға бірден қайда екенімді сұрастыра бастады. Жұма намаздан шығып, үйге келген бетім еді, бірден телефон соғуға себеп болған жағдайдың мән-жайын сұрадым! Сөйтсем, әрдайым елім деп елеңдеп жүретін елағасының көңілін күпті еткен бір жай бар екен. Аға не болды?-деген сауалымды тыңдартыңдармын: «Данияр інім, кешегі әлеуметтік желідегі Зұлпыхар деген жігіттің постын оқыған шығарсың! Сол посттың астына бір жерлесіміз: «Жол мұздақ болған соң Шымқалаға барып қайтқанша дірілдеп, жанымызды шүберекке түйіп отырамыз!»-депті! Соны оқығаннан өзімді қоярға жер таба алмадым. Мен мұны қыстың қақаған аязына қарамастан жандарын шүберекке түйіп жүрген өз қызметкерлеріме қалай айтамын? Саналы ғұмырларын Созақтың жолын тазалаумен, жөндеумен өткізіп келе жатқан, бүгін-ертең зейнеткерлікке шыққалы отырған еңбеккерлеріме не деймін? Әлеке, сіздің бұл не дегеніңіз, күні-түні сол жерлестеріміз жолда қалмасын деп, отбасымыздан, немерелерімізден жырақ жүрген жоқпыз ба?-десе не айтпақпын! Осылардың бәрін ойлай келе, ойыма сен түстің. Сені аудан халқы журналист, қоғам жанышыры ретінде жақсы таниды, тыңдайды. Жүрші, менімен барып, біздің қызметкерлердің бір күндік жұмысын қалай өткізетіндіктерін көрші!-деп қолқа салды! Мен де елім деп жүрегі езілген елағасының көңілін жыға алмадым! Оның үстіне, өзімнің де ойымда жүрген жәйт еді. Сонымен, Сәлтеков ағамыз екеуіміз салып ұрып, Одаман асуы қайдасың деп тартып отырдық. Жартытебе ауылының тұсынан өткенімізде Әлекең басқаратын «Ақжол» ЖШС-нің



күннің салқындауымен қайта қатады. Сол себепті де жаңа өзің көргендей тұзға құм араластырып әбігерге түсетініміз бар. Ал енді шлақтың мәселесіне келсек, ол көмірдің жанған қалдығы. Түсі қара болғандықтан тұзға, құмға қарағанда күннің көзін өзіне тартады». Дегенмен, меніңше мұның екінші себебі де бар секілді. Ол, құм менен тұзға қарағанда шлақтың арзан әрі қол жетімдігі. Не керек, мұнан әрі Әлекең екеуіміз жаймен, екеуара әңгімеге арқау беріп Одаман бұлаққа қарай ілгерілей бердік. Жолай әңгімеден ұққаным, бұл біздің бүгінгі мақаламызға арқау етіп отырған облыстық маңызы бар жолдардың тазалығы мен жөндеу жұмыстарына жауапты мекеменің атауы «Оңтүстік Жолдары» МКМ екен. Ал, Әлекең басқаратын «Ақжол» ЖШС-гі әлгі «Оңтүстік Жолдары» мемлекеттік коммуналдық мекемесінен тапсырыс алып, қарамағындағы 5-6 қызметкерінің күн көрісіне сеп қылып отырған көрінеді. Өздері шықпа-жаным шықпа деп, өзгеге тәуелді боп

отырған мекеменің өзіне жұмыс беруші мекемеге мынаны былай істе деп айта алмайтыны бесенеден белгілі емес пе? Дегенмен, әркез елінің ертеңі үшін ел ең деп жүретін ел ағасы менің аудандық газеттің тілшісі, қоғам жанышыры екенімді пайдаланып, қайтсек алдағы уақыттарды облыстық маңызы бар жолдардың жабылмауы, жолаушы жүретін жерлестеріміздің жандарын шүберекке түймеуі үшін не істеуге болады?-деген сауалдарыма мейлінше ашық жауап берді. Жалпы, Әлекеңмен болған сауалдарға толы сыр-сұхбаттан аңғарғаным, «Күндестің күлі де күндес» дегендей, күнгей еліне суымыз ғана емес, желіміз де теріс екен ғой. Бұған ауданымыздың шекарасын анықтайтын, Созақ ауданы деген жазуы бар тұстан көршілес Бәйдібек ауданының территориясына дендеп кіріп, қайтып келе жатқанымызда өзім де көз жеткіздім. Шіркін, садағаң кетейін бабаларымыз туған топырағына «Теріскей» деп бейресми атау берерде осы бір терістіктерді мейлінше ескерген сияқты ғой. Ай-

маққа желдің жылдамдығын азайтып, қардың суыруын сындыратын, нәтижесінде күре жолдың көмілмеуіне себеп қар көшкінін жолдан тоқтататын арнайы цемент бөгеттерде соққан екен. Мұнан бөлек, «Ақжол» ЖШС-гі де өз қал-қадәрінше ағаштан бөгеттер соққан көрінеді. Алайда, бұл цемент бөгеттер аздық, ағаш бөгеттер әлсіздік танытатынын кеше көзіммен көріп, көкейімде түйіп қайттым. Егер аудан басшылығы Әлекең екеуімізді ел жанашыры деп танып, пікірімізбен санасар болса, осы жәйтқа назар аударар деген ойдамыз. Әрине, назар аударар дегендегі айтқалы отырғаным, жергілікті бюджеттен қаржы бөліп, бөгет соқсын дегенім емес. Керісінше, әлгі осы жолдың жөндеуі мен тазалығына жауапты «Оңтүстік Жолдары» МКМ-нің жұмыстарын жіті бақылауда ұстап, мемлекеттен бөлінген қаржыға мемлекеттік маңызы бар жолдың түйткілді түйіндерін шешіп отыруды тапсыру еді. Екіншіден, осы мақаланың жазылуы мен Әлекең екеуіміздің асуға баруымызға себеп болған Зұлпыхардың постында көтерілген негізгі мәселе қар тазалайтын техникалардың ескілігі мен жетімсіздігі жайы болатын. Бірақ, бұл сапарымызда бұл мәселенің жайын анықтап білудің реті келмеді. Бар білгенім, ауданымыздағы «Ақжол» ЖШС-не қарасты бар қар тазалайтын техниканың сақадай сай, жол бойында жүргендері еді. Ө, айтқандай Бәйдібек ауданының территориясына барып қайтып келе жатқанымызда «Оңтүстік Жолдары» МКМ-не тиесілі бір Ротор қар тазалайтын көлігін көзімше шалып қалды. Жағдайы да аса шаршаған, ескі емес сияқты. Меніңше, Барыс жылының кіруі секілді шығуы да еліміз үшін, оның ішінде біздің ауданымыз үшін сынағы мол болды. Бір ғана боран ауданымызды жарықсыз, жолсыз қалдырып «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС пен «Оңтүстік Жолдары» МКМ-нің жұмысына жіті бақылау жасап, үнемі есеп беру-



жұмысшылары мінген жүк және жеңіл көлігі жанымыздан өтті. Сөйтсек, құм менен тұз араласқан шашындыны асфальт жолға шашып келе жатқан беттері екен. Орайы келген соң Әліпбек ағамыздан сол, Зұлпыхардың постының астына жазылған жерлестеріміздің бірінің: «Неге осы жолға күл (шлак) шашады? Біздің халқымызда адам жүрер жолға күл, кірдің суын шашпаңдар деген ырым-тыйым бар емес па еді?»-деген сауалына жауап сұрадым. Сондағы Әлекеңнің жауабы мынадай мазмұнда болды: «Данияржан білесің бе, мына тұз негізінен қар мен мұзды еріткенімен, еріген мұзды өзіне жабыстырып ұстап қалатыны да бар. Соның салдарынан түстен кешке дейін еріген мұз

бар жолдардың жабылмауы, жолаушы жүретін жерлестеріміздің жандарын шүберекке түймеуі үшін не істеуге болады?-деген сауалдарыма мейлінше ашық жауап берді. Жалпы, Әлекеңмен болған сауалдарға толы сыр-сұхбаттан аңғарғаным, «Күндестің күлі де күндес» дегендей, күнгей еліне суымыз ғана емес, желіміз де теріс екен ғой. Бұған ауданымыздың шекарасын анықтайтын, Созақ ауданы деген жазуы бар тұстан көршілес Бәйдібек ауданының территориясына дендеп кіріп, қайтып келе жатқанымызда өзім де көз жеткіздім. Шіркін, садағаң кетейін бабаларымыз туған топырағына «Теріскей» деп бейресми атау берерде осы бір терістіктерді мейлінше ескерген сияқты ғой. Ай-

тәуелді боп отырған мекеменің өзіне жұмыс беруші мекемеге мынаны былай істе деп айта алмайтыны бесенеден белгілі емес пе? Дегенмен, әркез елінің ертеңі үшін ел ең деп жүретін ел ағасы менің аудандық газеттің тілшісі, қоғам жанышыры екенімді пайдаланып, қайтсек алдағы уақыттарды облыстық маңызы бар жолдардың жабылмауы, жолаушы жүретін жерлестеріміздің жандарын шүберекке түймеуі үшін не істеуге болады?-деген сауалдарыма мейлінше ашық жауап берді. Жалпы, Әлекеңмен болған сауалдарға толы сыр-сұхбаттан аңғарғаным, «Күндестің күлі де күндес» дегендей, күнгей еліне суымыз ғана емес, желіміз де теріс екен ғой. Бұған ауданымыздың шекарасын анықтайтын, Созақ ауданы деген жазуы бар тұстан көршілес Бәйдібек ауданының территориясына дендеп кіріп, қайтып келе жатқанымызда өзім де көз жеткіздім. Шіркін, садағаң кетейін бабаларымыз туған топырағына «Теріскей» деп бейресми атау берерде осы бір терістіктерді мейлінше ескерген сияқты ғой. Ай-



лерін талап етіп отыру керектігін білдірді. Әрине, бұл жерде Мемлекет басшысы былтырдан бері айтып, ұсынып отырған «Есеп беретін үкімет» және «Бақылайтын азаматтық қоғам» концепсиясының рөлі зор. Тек, сол концепсияның өздеріне қажетті тұстарын бұқара мен билік ажыратып көре білсе, жөндеп жүзеге асыра алса нұр үстіне нұр ғана болар еді!

Данияр БЕК.

